

"2020 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау көлемдерін бекіту туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы 5 ақпандағы № 161 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы 17 қыркүйектегі № 103 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 18 қыркүйекте № 7650 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына және "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 18404 нөмірімен тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2020 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау көлемдерін бекіту туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы 5 ақпандағы № 161 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7234 нөмірімен тіркелген, 2020 жылғы 6 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген 2020 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау көлемдері осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Б.Д. Жахановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Г. Абдыкаликова

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Қызылорда облысы әкімдігінің

2020 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау көлемдері

кесте №1

"Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 бұйрығына сәйкес бекітілген норматив бойынша игерілген субсидиялау көлемдері

№	Субсидиялау бағыты	Ө л ш е м бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидия көлемі	
				б а с, тонна	мың теңге
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы					
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:				
1.1	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	б а с /	10000	45000	450000
1.2	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы*	шағылыстыру маусымы	20000	3000	60000
2.	Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті және етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	б а с / шағылыстыру маусымы	100000		
3.	Отандық асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу	сатып алынған	150000	1100	165000
4.	Шетелдік асыл тұқымды аналық мал басын сатып алу*	бас	225000	338	76050
5.	Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдарына бордақылау үшін өткізілген немесе ауыстырылған бұқашықтардың құнын арзандату	тірідей салмағы, килограмм	200	999,89	199978
6.	Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдары үшін бұқашықтарды бордақылау шығындарын арзандату	қосқан салмағы, килограмм	200	65,077	13015,4
	Ірі қара малды союмен және етін бастапқы өңдеумен айналысатын ет өңдеуші				

7.	кәсіпорындардың сиыр етін дайындау құнын арзандату (2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылады)	өндірілген сиыр етінің килограммы	175		
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы					
1.	Сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды бұқасының ұрығын сатып алу:				
1.1	бір жынысты	сатып алынған	10000	1000	10000
1.2	қос жынысты	доза	5000		
2.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:				
2.1	отандық немесе Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінен әкелінетін шетелдік	сатып алынған	150000	36	5400
2.2	Аустралия, Америка Құрама Штаттары, Канада және Еуропа елдерінен әкелінген*	бас	225000		
3.	Сүт өндіру құнын арзандату:				
3.1	бағымдағы сиырларының саны 600 бастан басталатын шаруашылық		35	3581,876	125365,660
3.2	бағымдағы сиырларының саны 400 бастан басталатын шаруашылық	өткізілген немесе өңделген	20		
3.3	бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылық	килограмм	10		
3.4	Ауыл шаруашылығы кооперативі		10		
4.	Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді субсидиялау	ұрықтандырылған бас/ шағылысу маусымы	5000	5000	25000
5.	Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	б а с / шағылыстыру маусымы	100000		
6.	Эмбриондарды телу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді субсидиялау	бас	80000		
7.	Сүтті және сүтті-етті бағыттағы аналық басының және толықтыратын мал басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату*/ **	бас	240000	1640	393600
Қой шаруашылығы					
1.	Шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді субсидиялау	ұрықтандырылған бас/шағылысу маусымы	1000		
2.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:				
2.1	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	бас/шағылысу	2500		
2.2	Қойлардың тауарлық аналық басы	маусымы	1500		
3.	Асыл тұқымды қойлар сатып алу		8000	5900	47200

3.1	Асыл тұқымды ешкілердің аналық басын сатып алу**	сатып алынған бас	40000		
4.	Тауарлық отардың өсімін молайту үшін пайдаланылатын асыл тұқымды тұқымдық кошқарды күтіп-бағу	бас/шағылысу маусымы	10000		
5.	Қозы өткізу құнын арзандату	өткізілген бас	3000	6874	20622
Жылқы шаруашылығы					
1.	Өнімді бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық айғырлар сатып алу	сатып алынған бас	100000	77	7700
2.	Бие сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	килограмм	60	39,574	2374,440
Түйе шаруашылығы					
1.	Асыл тұқымды тұқымдық түйелер сатып алу	сатып алынған бас	100000		
2.	Түйе сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	килограмм	55	62,96	3462,8
Балара шаруашылығы					
1.	Балара ұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	балара ұясы/маусым	5000	300	1500
Барлығы		х	х	х	1606268,3

Ескертпе:

* - жергілікті бюджеттен қосымша бюджет қаражаты бөлінген кезде және/немесе басқа бюджеттік бағдарламалардан қайта бөлінген кезде субсидиялау нормативтерін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 18404 нөмірімен тіркелген) бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау Қағидаларының 4-тармағына сәйкес Министрлікпен келісім бойынша белгіленген нормативтен 50 пайызға дейін және мал азығын субсидиялау бойынша 100 пайызға дейін ұлғайтуға жол беріледі;

** - жергілікті бюджеттен қосымша бюджет қаражаты бөлінгенде.

Асыл тұқымды жануарлардың барлық түрлерін, етті бағыттағы құстардың ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапанын, асыл тұқымды құстан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапан сатып алу бекітілген нормативке дейін, бірақ оны сатып алу құнының 50 пайызынан аспайтын мөлшерде субсидияланады.

Отандық асыл тұқымды ірі қара мал мен қойлардың аналық мал басын сатып алу қаржы институтымен кредит беру шарты болған кезде субсидияланады, бұл ретте субсидиялар кредитті өтеу есебіне арнайы шотқа аударылады.

кесте №2

"Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту

туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 шілдедегі № 229 бұйрығына сәйкес бекітілген норматив бойынша игерілетін субсидиялау көлемдері

№	Субсидиялау бағыты	Ө л ш е м бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері , теңге	Субсидия көлемі	
				бас, тонна	мың теңге
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы					
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:				
1.1	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	б а с /	10000	2000	20000
1.2	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы	шағылыстыру маусымы	15000		
2.	Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті және етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	б а с / шағылыстыру маусымы	100000		
3.	Етті, етті-сүтті тұқымдардың отандық асыл тұқымды тұқымдық бұқасын сатып алу	сатып алынған бас	150000	300	45000
4.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:				
4.1	Отандық		150000		
4.2	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Украина елдерінен импортталған	сатып алынған бас	225000	636	143100
4.3	Аустралия, Америка Құрама Штаттары, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Еуропа елдерінен импортталған		300000		
5.	Шығу тегі асыл тұқымдыға сәйкес келетін ірі қара малдың импортталған аналық басын сатып алу		150000		
6.	Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне 50 бас болатын ет өңдеуші кәсіпорындарына өткізілген немесе орны ауыстырылған бұқашықтардың құнын арзандату	тірідей салмағы, килограмм	200		
7.	Ірі қара малды союмен және етін бастапқы өңдеумен айналысатын ет өңдеуші кәсіпорындардың сиыр етін дайындау құнын арзандату	өндірілген сиыр етінің килограмы	175		
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы					
1.	Сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды бұқасының ұрығын сатып алу:				
1.1	бір жынысты	сатып алынған	10000		
1.2	қос жынысты	доза	5000		

2.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:				
2.1	Отандық	сатып алынған бас	200000		
2.2	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Украина елдерінен импортталған		225000		
2.3	Аустралия, Америка Құрама Штаттары, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Еуропа елдерінен импортталған		400000		
3.	Сүт өндіру құнын арзандату:				
3.1	бағымдағы сиырларының саны 600 бастан басталатын шаруашылық	өткізілген немесе өңделген килограмм	45	2036	91620
3.2	бағымдағы сиырларының саны 400 бастан басталатын шаруашылық		30		
3.3	бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылық		20		
3.4	Ауыл шаруашылығы кооперативі		20	1,885	37,7
4.	Ірі қара малдың эмбриондарын сатып алу құнын арзандату	дана	80000		
5.	Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде сүтті және сүтті-етті бағытындағы ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді субсидиялау	ағымдағы жылы ұрықтандырылған бас	5000	2000	10000
Жұмыртқалы құс шаруашылығы					
1.	Асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапан сатып алу	сатып алынған бас	60	10000	600
2.	Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату (2022 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болады)				
2.1	200 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	өткізілген дана	1,5		
2.2	150 миллион данадан басталатын нақты өндіріс		1,3		
2.3	100 миллион данадан басталатын нақты өндіріс		1,2		
2.4	50 миллион данадан басталатын нақты өндіріс		1,1		
2.5	20 миллион данадан басталатын нақты өндіріс		1		
Қой шаруашылығы					
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:				
1.1	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	б а с / шағылыстыру маусымы	4000	51250	205000
1.2	Қойлардың тауарлық аналық басы		2500	93020	232550
2.	Отандық асыл тұқымды қойлар сатып алу	сатып алынған бас	15000	1000	15000
2.1	Импортталған асыл тұқымды аналық қойларды сатып алу		30000		
2.2	Импортталған асыл тұқымды тұқымдық қошқарлар сатып алу		150000		
3.			10000		3400

	Тауарлық отардың өсімін молайту үшін пайдаланылатын асыл тұқымды тұқымдық қошқарды күтіп-бағу	б а с / шағылыстыру маусымы		340	
4.	Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 5000 бас болатын бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне 300 бас болатын ет өңдеуші кәсіпорындарына өткізілген қошқарлардың құнын арзандату	өткізілген бас	3000	3126	9378
5.	Қойлардың эмбриондарын сатып алу құнын арзандату	дана	80000		
6.	Шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді субсидиялау	ұрықтандырылған б а с / шағылыстыру маусымы	1500	26600	39900
Жылқы шаруашылығы					
1.	Өнімді бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық айғырлар сатып алу	сатып алынған бас	100000	73	7300
Түйе шаруашылығы					
1.	Асыл тұқымды тұқымдық түйелер сатып алу	сатып алынған бас	100000		
Жергілікті бюджет қаражаты есебінен					
1.	Маралдардың (бұғылардың) аналық бастарымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	б а с / шағылыстыру маусымы	10000		
2.	Балара ұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	балара ұясы/ маусым	5000		
3.	Ауыл шаруашылығы малдарының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату*:	бас	120000		
	Сүтті және сүтті-етті бағыттағы ірі қара малдың аналық басы				
	Ірі қара малдың аналық басы				
	Ұсақ малдың аналық басы				
	Жылқының аналық басы				
	Түйелердің аналық басы				
4.	Ешкілердің асыл тұқымды аналық басын сатып алу	сатып алынған бас	40000		
5.	Бие сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	килограмм	60	25	1500
6.	Түйе сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	килограмм	55	27	1485
Барлығы					825870,7

Ескертпе:

Жануарлардың барлық түрлерін, етті бағыттағы құстардың ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапанын, асыл тұқымды құстан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапанды, ірі қара малдың және қойлардың эмбриондарын сатып алу бекітілген нормативке дейін, бірақ оны сатып алу құнының 50 %-ынан аспайтын мөлшерде субсидияланады.

Сүтті және сүтті-етті тұқымды асыл тұқымды бұқаның ұрығын сатып алу құнының 100 %-на дейін субсидияланады, бірақ бекітілген нормативтерден аспайды.

Асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды және асыл тұқымды тұқымдық қошқарларды сатып алу 1:25 жүктемеге сәйкес аналық басына арақатынаста субсидияланады, асыл тұқымды тұқымдық айғырларды және тұқымдық түйелерді сатып алу 1:15 жүктемеге сәйкес аналық басына арақатынаста субсидияланады.

* бюджет қаражаты жетіспеген жағдайында субсидия нормативі 50 %-ға дейін азайтылу жағына қарай түзетілуі мүмкін.